

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі,
профессор

« 27 » 12 2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж.Темирбекова
« 12 » 12 2023 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-002-2023


САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ
ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
 - Аккредиттеу жөнінде бас сарапшы Д. Сунакбаева
 - Академиялық департамент директорының орынбасары М.Келеш
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Нурсой
 - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ
 - 2023
5. Тексеру мерзімі
 - 2025

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Түркістан, 2023



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 2–ші беті

МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4.	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5.	Жалпы ережелер	4
6.	Сапа концепциясы және сапаны қамтамасыз ету әдіснамасы	5
7.	Академиялық құндылықтар	5
8.	Сапаны қамтамасыз ету принциптері	6
9.	Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары	6
10.	Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер	6
11.	Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің менеджменті	7
12.	Өзгертулер және қосымшалар енгізу тәртібі	8
13.	Келісу, сақтау және тарату	8
14.	Қосымшалар	9
15.	Танысу парағы	9
16.	Өзгерістерді тіркеу парағы	10

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Университеттің осы Ережесі университеттің барлық құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3. УЕ-ХҚТУ-002-2023 Университет ережесі сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Университеттің осы Ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген.

- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген;

- Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы (ESG), 2015 ж Министрлер конференциясында мақұлданған. © Қазақ тіліндегі бейресми аударма Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігімен (IQAA) әзірленді, қыркүйек 2015 ж.;

- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы.

- ҚП - ХҚТУ- 7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарда басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы Ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ – Университет ережесі;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ЖБСҚҚМ - Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделі;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

ХС – халықаралық стандарт;

Департамент – Академиялық департамент;

СДРКБСО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы;

ӘЖҰБ – әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі;

ОЖҰБ – оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі;

ЖБКБББ – Жоғары білімнен кейінгі білім беру бөлімі;

БАО - Біліктілікті арттыру орталығы;

АРББ – Адам ресурсын басқару бөлімі;

ШД – Шаруашылық департаменті;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 4-ші беті

ҚД – Қаржы департаменті;

АД – Академиялық департамент;

ТО – Тіркеуші офисі;

ХО – Халықаралық офис;

АТД – Ақпараттық технология департаменті;

МДЖББО – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығы.

ESG - Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы

3.2 Университеттің осы Ережесінде төмендегі анықтамалар қолданылады:

Академиялық бедел – жалпы қоғам субъектілерінің әртүрлі санаттарының университет туралы, оның академиялық қасиеттеріне: жетістіктеріне, артықшылықтары мен кемшіліктеріне негізделген пікірі.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

4.2 Бекітілген Ереже қолданушылардың назарына, «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі факультет декандарына жүктеледі.

4.3 Осы Ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі Академиялық департамент басшысына жүктеледі.

4.6 Осы Ережені «ҚП-ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқаруға» сәйкес басқару жауапкершілігі СДРКБСО басшысына жүктеледі.

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Университеттің білім сапасын іштей қамтамасыз ету жүйесі Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің қазақстандық моделіне (ЖБСҚҚМ) негізделген. ЖБСҚҚМ негізгі мақсаты – халықаралық деңгейде және еңбек нарығында білім беру жүйесі мен азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру сапасына қол жеткізу.

5.2 ЖБСҚҚМ – бұл өздеріне тән тетіктермен, құралдармен және әдістермен өзара байланысты және өзара әрекеттесетін келесі үш сапаны қамтамасыз ету деңгейлерінің жиынтығы (Қосымша 3) :

- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;
- сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесі;
- сапан қамтамасыз етуді мемлекеттік реттеу жүйесі.

5.3 Сапаны қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйелері үшін анықтамалық құжат ретінде Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығы (ESG) қолданылады.

5.4 ESG-дің төмендегідей мақсаттары бар:

- ESG оқыту мен білім беру саласындағы еуропалық, ұлттық және институционалдық деңгейлердегі сапаны қамтамасыз ету жүйелері үшін **жалпы шеңберлерді анықтайды;**

- ESG Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны **қамтамасыз етуге және жетілдіруге көмек береді;**

- ESG- ұлттық шекараның ішінде және одан тыс шеңберде тану мен ұтқырлыққа көмек бере отырып, **өзара сенімділікті қолдайды;**

- ESG- Жоғары білімнің еуропалық кеңістігіне **сапаны қамтамасыз ету туралы ақпаратты ұсынады.**

5.5 ESG Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз етуде төрт принципке негізделеді:

- жоғары оқу орындары өздері ұсынған білім қызметінің сапасы мен олардың

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 5-ші беті

сапасын қамтамасыз ету үшін жауапты;

- сапаны қамтамасыз ету жоғары білім жүйесі, оқу орындары, бағдарламалар мен студенттердің алуан түрлілігіне әрекеттеседі;

- сапаны қамтамасыз ету сапа мәдениетін дамытуды қолдайды;

- сапаны қамтамасыз ету студенттер мен барлық басқа мүдделі тараптардың және қоғамның қажеттіліктері мен күтетін нәтижелерін ескереді.

5.6 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі арқылы академиялық сапаға қол жеткізудің индикаторы - университеттің академиялық беделі болып табылады.

5.7 Университеттің академиялық беделін қалыптастыратын негізгі көрсеткіштер:

- жұмыс берушілер мен еңбек нарығының бағалау нәтижелері – университет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі;

- аккредиттеу агенттіктерінің бағалалау нәтижелері – институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу сертификаттары;

- ҚР және ТР үкіметтері тарапынан бағалау нәтижелері – білім беруге мемлекеттік тапсырыстар көлемі;

- Ұлттық және халықаралық рейтинг агенттерінің бағалау нәтижелері – әртүрлі рейтингтердегі университеттің және білім беру бағдарламаларының орындары.

5.8 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің негізгі элементтері:

- Сапа концепциясы және сапаны қамтамасыз ету әдіснамасы;

- Академиялық құндылықтар;

- Сапаны қамтамасыз ету принциптері;

- Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясаты мен стандарттары;

- Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер;

- Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің менеджменті.

6 САПА КОНЦЕПЦИЯСЫ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘДІСНАМАСЫ

6.1. Сапа концепциясы университет миссиясымен айқындалады, университет түлегінің бәсекеге қабылетті, табысты және еңбек нарығында сұранысқа ие болуына бағытталған.

6.2. «Сапаны қамтамасыз ету» термині бұл Ережеде сапаны үздіксіз жетілдіру циклі аясында (яғни, сапаны қамтамасыз ету және жетілдіру қызметтері) барлық қызмет түрлерін сипаттау үшін қолданылады.

6.3. Университетте сапаны ішкі қамсыздандыруда ISO 9000 ХС негізінде қалыптасқан процестік көзқарасқа негізделген Сапа менеджменті жүйесінің әдіснамалары мен құралдары қолданылады.

7 АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

7.1. Университеттің академиялық құндылықтары Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптастырылған:

1. Серіктестік және құрмет.

2. Ашықтық және сенім.

3. Әділдік және адалдық.

4. Біліктілік және еңбекқорлық.

5. Инновация және бейімделгіштік.

7.2 Академиялық құндылықтар университетте сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастырады, стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады, сондықтан университеттің Стратегиялық даму жоспарында айқындалған

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 6–ші беті

миссиясына, стратегиялық талдау нәтижелері мен даму бағыттарына сәйкес әзірленіп, бекітіледі.

7.3 Академиялық құндылықтардың ресми мәртебесі бар және профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге, білім алушыларға және көпшілікке университеттің сайтында қол жетімді.

8 САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРИНЦИПТЕРІ

8.1 Университетте сапаны қамтамасыз ету принциптері ISO 9000 ХС негізінде қалыптасқан:

1. Тұтынушыларға бағдарлану: Сапа менеджменті тұтынушылардың талаптарын орындауға және олардың үміттерін көтеруге ұмтылуға бағытталған.

2. Көшбасшылық: Ұйымның барлық деңгейіндегі басшылар қызметтің мақсаты мен бағытының бірлігін қамтамасыз етеді.

3. Қызметкерлердің өзара іс-қимылы: Ұйым үшін барлық қызметкерлерінің кәсіби құзыретті болуы және құндылықты құруға қатысуы өте маңызды.

4. Процестік тәсіл: Қызмет келісілген жүйе ретінде жұмыс істейтін өзара байланысты процестер ретінде танылып, басқарылған кезде дәйекті және болжамды нәтижелерге неғұрлым тиімді қол жеткізіледі.

5. Жақсарту: Табысты ұйымдардың қызметтері үнемі жақсартуға бағытталған.

6. Фактілерге негізделген шешімдер қабылдау: Нақты деректер мен ақпараттарды талдау мен бағалауға негізделген шешімдердің нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы жоғары.

7. Қарым-қатынас менеджменті: Тұрақты жетістікке жету үшін ұйымдар тиісті мүдделі тараптармен қарым-қатынасты басқарады.

9. САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

9.1 Сапа саласындағы саясат Ахмет Ясауи университетінде сапаны қамтамасыз ету және сапаны үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастырады, стратегиялық менеджменттің бөлігі болып табылады.

9.2 Сапа саласындағы саясат ресми мәртебесі бар және профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге, білім алушыларға және көпшілікке университеттің сайтында қол жетімді.

9.3 Сапа саласындағы саясат өзгермелі талаптарға сәйкес іске асырылады, бақыланады және қайта қаралады.

9.4 Сапа саласындағы саясат ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен, университеттің тиісті құрылымдары және процестердің көмегімен әзірленіп жүзеге асырылады.

9.5 Жоғары оқу орындары еуропалық білім кеңістігіндегі стандарттар мен жоғары білім сапасын қамтамасыз ету нұсқаулығы (ESG) контекстінде әзірленгендіктен, университеттің Академиялық саясаты Сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарын айқындайтын ішкі нормативтік құжат болып саналады.

9.6 Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің стандарттарын айқындайтын ішкі нормативтік құжаттар тізімі 4 Қосымшада келтірілген.

10 САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР МЕН КРИТЕРИЙЛЕР

10.1 Университет сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесін жасауда Сапаны сыртқы қамтамасыз ету жүйесін іске асыратын агенттіктері және Сапаны қамтамасыз ету жүйесін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 7-ші беті

мемлекеттік бақылау органдары тараптарынан бекітілген сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлерді басшылыққа алынады.

10.2 Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер университеттің Стратегиялық даму жоспарында, Академиялық саясатында, процестерді сипаттайтын ішкі нормативтік құжаттарда нақтыланады, әкімшілік және алқалық басқару ұйымдарының, құрылымдық бөлімдердің, оқытушылар мен қызметкерлердің ұзақ және қысқа мерзімді жоспарларында іске асырылады.

10.3 Сандық және сапалық индикаторлар мен критерийлер ұзақ және қысқа мерзімді жоспарлардың орындалуын басшылық тарапынан талдауда және сыртқы, ішкі тексерулер нәтижелерін талдау арқылы білім беру қызметін жақсарту шешімдерін қабылдауда шешуші және маңызды роль атқарады.

11. САПАНЫ ІШКІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МЕНЕДЖМЕНТІ

11.1 Университеттің барлық қызметін Академиялық саясат яғни Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі арқылы басқаруға қойылатын талаптар:

- университетте іске асырылатын барлық процестер Академиялық саясатта түгел қамтылуы тиіс;

- Академиялық саясатта немесе оның сілтемесіндегі ішкі нормативтік құжатта әр процестің егесі, жауаптылары, іске асыру реті т. б. сипаттамалары нақты көсетілуі тиіс;

- барлық процестердің нәтижелік көрсеткіштері Сапаны сыртқы қамсыздандыру және Сапаны қамсыздандыруды мемлекеттік бақылау жүйелерінің сапалық және сандық критерийлеріне бағдарланған болуы маңызды;

- Академиялық саясаттың барлық процестеріне қатысты жоспарлау, іске асыру, тұрақты мониторинг, мерзімді талдау және ұдайы жақсарту процедуралары іске асырылуы тиіс.

11.2 Университеттің Академиялық саясатындағы ESG стандарттары аясында қамтылған барлық процестерге қатысты мәліметтер 4 Қосымшада келтірілген.

11.3 Университет факультеттерінің базасында Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия құрылады. Ол білім сапасын іштей қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруға және іске асыру барысына мониторинг жүргізетін алқалық ұйым болып табылады.

11.4 Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы қызметінің бағыттары мен міндеттері Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесінде келтірілген.

11.5 Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның құрамы факультет деканы ұсынысымен университеттің академиялық мәселелер вице-ректоры бекітеді. Оның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және университеттің басқа да академиялық қызметкерлері кіреді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның отырысына университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері қатысады.

11.6 Барлық факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың қызметін үйлестіруді және біріздендіруді, анықталған университет қызметтеріне ортақ мәселелердің университеттің Оқу-әдістемелік комитеті, Сенаты мәжілістерінде талқыланып, қажетті басқару шешімдері қабылдануын қамтамасыз етуді Академиялық департамент жүзеге асырады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 8-ші беті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 8-ші беті

12 ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ҚОСЫМШАЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

12.1 Білім саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының және университеттің бұйрықтары, қаулылары мен ережелеріне сәйкес толықтырулар мен өзгерістерді университеттің Академиялық департаменті енгізеді.

12.2 Университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

12.3 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс.

13 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13.1 Осы университет Ережесі Оқу әдістемелік комитет кеңесінде талқыланады және Сенат мәжілісінде бекітіледі, хаттамамен рәсімделеді.

13.2 Осы университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департаментке жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

13.3 Осы университет Ережесінің бақылау данасын СДРСО-на сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А. Ошибаева

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



Мустафа Нурсой

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры



А.Тұрғанбаев

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



С.Кырықбаева

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>УЕ-ХҚТУ-002-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 10–ші беті

САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

№	ESG стандарттары	Процестер	Жүзеге асырушы құрылым	Басқарушы әкімшілік және алқалық ұйымдар	Ішкі нормативтік құжаттар
1.	Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат Стандарт: Білім беру ұйымдарының сапаны қамтамасыз ету үшін жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджмент бөлігін құрайтын саясаты болуы керек. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен тиісті құрылымдар мен процестердің көмегімен әзірлеуі және жүзеге асыруы тиіс.	1.1 Университеттің сапа саласындағы саясаты 1.2 Университеттің сапа саласындағы мақсаттары 1.3 Университеттің жоспарлау жүйесі 1.4 Білім сапасын іштей қамтамасыз ету жүйесі	СДРКБСО СДРКБСО СДРКБСО ӘЖҰБ	Ректорат, Сенат, Басқару кеңесі, Оқу-әдістемелік комитет, Стратегиялық даму және сапа комитеті, Факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық саясат (4. бөлім), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы, Ахмет Ясауи университетінің Стратегиялық даму жоспары, Стратегиялық даму жоспарын әзірлеу және іске асыру ережесі, Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ережесі
2.	Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Стандарт: Оқу орындарының өз бағдарламаларын әзірлеуі мен бекітуі үшін процестері болуы керек. Бағдарламалар қойылған мақсаттарға, сондай-ақ, күтілетін оқыту нәтижелеріне сәйкес болатындай әзірленуі тиіс. Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде тағайындалатын біліктілік нақты анықталуы және түсіндірілуі қажет, әрі жоғары білімнің ұлттық біліктілік шеңберлерінің белгіленген деңгейіне және тиісінше Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі	2.1 Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту 2.2 Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу мен бекіту 2.3 Пәннің оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту 2.4 Элективтік пәндер каталогын әзірлеу мен бекіту	кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттер, кафедра меңгерушілері, ӘҰЖБ кафедра меңгерушілері, ӘҰЖБ Кафедра меңгерушілері, ӘҰЖБ кафедра меңгерушілері, ӘҰЖБ	Академиялық мәселелер вице-ректоры, факультет декандары, Академиялық департамент, Сенат, Оқу-әдістемелік комитет, Факультеттердегі оқу әдістемелік комитеттер және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық саясат (5.бөлім), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі, Академиялық комитет ережесі, Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу – әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі, Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі, Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 2-ші беті

	Біліктілік шеңберлеріне қатысты болуы тиіс.				
3.	Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау Стандарт: Оқу орындары мұндай білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқу процесін ұйымдастыруға белсенді қатысқан студенттерді ынталандырып, ал студенттердің үлгерім бағасы осы көзқарасты көрсетуін қамтамасыз етуі тиіс.	3.1 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру 3.2 Білім алушының жеке оқу жоспарын әзірлеу, бекіту және оларды пәнге тіркеу 3.3 Аудиториялық дәрістерді ұйымдастыру 3.4 Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру 3.5 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау 3.6 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру 3.7 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	ОЖҰБ Тіркеуші офісі Кафедра меңгерушілері, ОЖҰБ Кафедра меңгерушілері, ӘЖҰБ МДЖББО, кафедра меңгерушілері Кафедра меңгерушілері, ҒЗБ Тіркеуші офісі	Академиялық мәселелер вице-ректоры, факультет декандары, Академиялық департамент, Сенат, Оқу-әдістемелік комитет, Факультеттердегі оқу әдістемелік комитеттер және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық саясат (6. бөлім), ЖОО дейінгі Дайындық курсына оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі, Жоғары білімнен кейін білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ережесі , Резидентура білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру туралы ережесі, Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистрантура, докторантура) бойынша ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізу ережесі, Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ережесі, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы ережесі
4.	Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау Стандарт: Оқу орындары студенттік «өмір циклдерінің» барлық кезеңдерін қамтитын, алдын-ала белгіленген және жарияланған ережелерді бірдей қолдануы тиіс, яғни студенттерді қабылдау, үлгерім, біліктіліктерді тану және сертификаттау.	4.1 Білім алушыларды оқуға қабылдау 4.2 Білім алушылардың үлгерімі 4.2.1 Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау 4.2.2 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының білімгерлерін академиялық аттестаттау 4.2.3 Жоғары білім беру	Қабылдау комиссиясы ТО, кафедра меңгерушілері ЖБКОБ, кафедра меңгерушілері АК, кафедра	Ректорат, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Сенат, Басқару кеңесі	Академиялық саясат (7. бөлім), Студенттерді қабылдау регламенті, Дайындық орталығына тыңдаушыларды қабылдау ережесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бакалавриат бағдарламаларына қабылдау ережесі,, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша магистратура, резидентура, докторантураға оқуға қабылдау ережесі , Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі.,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 3-ші беті

		бағдарламасын бітірушілерді қорытынды аттестаттау 4.2.4 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын бітіруші білімгерлерді қорытынды аттестаттау 4.2.5 Академиялық адалдықты қамтамасыз ету 4.3 Білім беру құжаттарын нострификациялау 4.4 Формальды және формальды емес білім арқылы алған оқу нәтижелерін тану 4.5 Академиялық ұтқырлық 4.6 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау 4.7 Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру 4.8 Оқу ақысын төлеу 4.9 Түлектердің жұмысқа орналасуы және оған мониторинг жүргізу	меңгерушілері АК, кафедра меңгерушілері ОЖҰБ,ТО ХО, ТО ТО, Тану комиссиялары ХО, ТО ТО, кафедра меңгерушілері ТО, кафедра меңгерушілері Бухгалтерия МДЖББО		Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба дайындау туралы ережесі, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен рәсімдеу ережесі. Білім алушылардың игерген дағдыларын қабылдау ережесі, Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже, Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі, Этикалық және тәртіп комиссиясының ережесі, Академиялық адалдық кодексі, Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарды және телнұсқаларын беру ережесі, Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ЕРЕЖЕСІ, Мәулана алмасу бағдарламасы туралы ереже, Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже, Эразмус алмасу бағдарламасы туралы ереже, Білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесі, Университет білім алушыларын ауыстыру, қайта қабылдау, курстан курсқа көшіру, оқудан шығару, академиялық демалыс беру ережесі., Жұмыс берушілер кеңесінің ережесі, Дуальды оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі, Ақылы негізде қабылданған білім алушыларға оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер ережесі
5.	Кадр саясаты және оқытушылар құрамы	5.1 Кадр саясаты 5.2Профессор оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық	АРББ Конкурстық комиссия, АРББ	Ректорат, жауапты хатшы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері,	Академиялық саясат (8.. бөлім), Оқытушы-профессорлар құрамы туралы регламент, Университеттің профессор-оқытушы құрамын

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 4-ші беті

	Стандарт: Оқу орындары өздерінің оқытушылық құрамының құзыреттілігіне сенімді болуы тиіс. Олар өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мен дамытуда әділ және ашық процестерді қолдануы қажет.	негізде тағайындау 5.3 Профессор оқытушылардың біліктілігін арттыру 5.4 Профессор оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары 5.5 Профессор оқытушылардың академиялық ұтқырлығы 5.6 Профессор-оқытушылар құрамының рейтингтік көрсеткіштерін анықтау 5.7 Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл саясаты 5.8 Персоналды қолдау	БАО, АРББ ҒД, кафедра меңгерушілері ХО, кафедра меңгерушілері СДРКБСО СДРКБСО, АРББ АРББ	Сенат, Басқару кеңесі	және қызметкерлерін аттестаттау туралы регламенті, Профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарға конкурстық орналасуы ережесі, Университет басқарушы және профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру туралы ереже, Әкімшілік-басқару және біліми - педогогикалық құрамы қызметкерлерінің біліктілік сипаттамалары, Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі, Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент) – зерттеуші мәртебелерін беру ережесі, Адам ресурстарын басқару тиімділігін жетілдіру ережесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ішкі еңбек тәртібінің ережесі, Жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісу комиссиясының ережесі, Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ереже, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік ережесі, Этикалық және тәртіп комиссиясының ережесі, Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі, Университеттің құрметті атақтарын беру ережесі, Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі
6.	Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі	9.1 Оқу ресурстары 9.2 Білім алушыларды ақпараттық және академиялық қолдау жүйесі	ШД, ҚД, АД АД, АД, Кітапхана	Ректорат, жауапты хатшы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері,	Академиялық саясат (9. Бөлім), Жылжымайтын мүлік регламенті, Сатып алу және сату регламенті, Есептеу техникасы құралдарын

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 5-ші беті

	Стандарт: Оқу орындары оқыту мен оқытушылық қызмет үшін жеткілікті қаржыландырудың болуын, білім беру ресурстары мен студенттерді қолдау тәсілдері адекватты және жеңіл қолжетімді болуын қамтамасыз етуі тиіс.	9.3 Білім алушыларды әлеуметтік қолдау және азаматтық-патриоттық тәрбие беру жүйесі 9.4 Инклюзивті білім беру жүйесі 9.5 Шетелдік білімгерлер мен талапкерлерді визалық қолдау	ЖСД, Жатақханалар орталығы, АИ дәрігерлік амбулатория, Мәдениет орталығы ИБРРО Виза бөлімі	Сенат, Басқару кеңесі	паспорттау және ақпараттық ресурстарды пайдалану ережесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ғылыми кітапхананың кітапханашы қызметкерлерін аттестаттау туралы ереже, Ақпараттық-ресурстық орталығының қызметін пайдалану, кітап қорын толықтыру тәртібі, Ақпараттық-ресурстық орталығының қызметін пайдаланудағы, оқырмандардың ережелері мен міндеттері, Ғылыми кітапхананың электронды оқу залын пайдалану ережесі, Кітапхананың қызмет көрсету жұмысының жұмыс нұсқауы, Анықтама – библиография, ақпараттандыру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу, Студенттердің жатақханаларда тұру ережесі, Білімгерлерге тәрбие беру ережесі, Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру ережесі.
7.	Ақпаратты басқару Стандарт: Оқу орындары өз бағдарламалары мен басқа да қызмет бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпарат жинақтауға, талдауға және оны пайдалануға кепіл болуы керек.	Ақпаратты басқару	Ақпараттық технология департаменті, Құрылымдық бөлім басшылары	Ректорат, жауапты хатшы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Сенат, Басқару кеңесі	Академиялық саясат (10. Бөлім), Университеттің ақпараттық-танытым жұмыстарын жүргізуге арналған ережесі, Корпоративтік ақпараттық желіде пайдаланушыларды тіркеу ережелері
8.	Жұртшылыққа хабардар ету Стандарт: Оқу орындары өздерінің қызметтері (соның ішінде білім бағдарламалары) туралы анық, нақты, шынайы, өзекті және жеңіл қолжетімді болатын ақпаратты жариялауы керек.	Жұртшылыққа хабардар ету	Медиа және PR орталығы	Ректорат, жауапты хатшы, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Сенат, Басқару кеңесі	Академиялық саясат (11. Бөлім), Ахмет Ясауи университетінің ресми сайты бойынша ереже
9.	Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік	Бағдарламалардың тұрақты мониторингі мен кезеңдік	ӘЖҰБ, Академиялық	Академиялық мәселелер вице-ректоры, факультет	Академиялық саясат (12.бөлім), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-002-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету ережесі		16 беттің 6—ші беті

	бағалануы Стандарт: Оқу орындары өздерінің алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін және студенттер мен қоғамның сұраныстарына жауап беретін білім бағдарламаларына мониторинг жүргізуі, мерзімді бағалауы және қайта қарауы қажет. Бұл шолулардың нәтижелері бағдарламаларды тұрақты жетілдіруге алып келуі тиіс. Кез-келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.	бағалануы	комитеттер, кафедра меңгерушілері	деандары, Академиялық департамент, Сенат, Оқу-әдістемелік комитет, Факультеттердегі оқу әдістемелік комитеттер және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық комитет ережесі, Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу – әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесі, Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі, Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі.
10.	Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету Стандарт: Оқу орындары циклдік негізде ESG-ге сәйкес сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінен өтуі керек.	Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету	ӘЖҰБ, Академиялық комитеттер, кафедра меңгерушілері	Академиялық мәселелер вице-ректоры, факультет декандары, Академиялық департамент, Сенат, Оқу-әдістемелік комитет, Факультеттердегі оқу әдістемелік комитеттер және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялар	Академиялық саясат (13. бөлім). Аккредиттеу агенттіктерінің стандарттары, ISO 9001 халықаралық стандарт талаптары.